

«Алматы қаласының аумағындағы сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру Қағидаларын бекіту туралы»

**Алматы қаласы мәслихаты шешімінің жобасына
Түсіндірме жазба**

Алматы қаласының Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы (бұдан әрі мәтінде – Басқарма) «Алматы қаласының аумағындағы сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру Қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихаты шешімінің жобасын әзірлеуші болып табылады.

«Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-2-бабының 3-тармағына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары негізінде жарнама саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларды әзірлейді және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарына бекітуге ұсынады.

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы Алматы қаласының аумағында орналастыру тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында, сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, Алматы қаласы аумағындағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру Қағидалары әзірленді.

Осы Қағида қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес әзірленді және Алматы қаласының мәслихатымен бекітілуге жатады.

**Алматы қаласының Қалалық жоспарлау
және урбанистика басқармасының
басшысы**

А.Ахмеджанов